

1-КЕЗЕҢНІҢ МАТЕРИАЛ ҚҰРЫЛЫМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1-бөлім.

1. Кәсіби рефлексиялар авторы.

Автор туралы ақпарат: лауазымы, оқыту пәні, педагогикалық қызмет өтілі (500 белгіден аспайды).

2. Байланыс деректері, Интернеттегі жеке парақшасына сілтеме (бар болса)

3. Түйін сөздер. Жобаны сипаттайтын 5 түйін сөзден аспайды.

4. Рефлексия нысаны болған кәсіби қызметте және педагогикалық ізденісте жүзеге асырылатын идеяның өзектілігі және түпнұсқалығы. Идеяның өзектілік және түпнұсқалық негіздемесі.

5. Мақсаттар мен міндеттер. Кәсіби қызметтің (соның ішінде ізденістің) мақсатын және/немесе міндетін көрсетіңіз. 500 белгіден аспайды (бос орынсыз).

6. Қатысушылар. Педагогикалық ізденіске қатысушыларды көрсетіңіздер (барлық педагогикалық ұжым, педагогтардың жекелеген тобы – жасы, маңызды және кәсіби ерекшелігі; ата-аналар және т.б.)

7. Сипаттама. Ұсынылатын материалдың жұмыс мәнін көрсететін қысқаша сипаттамасы (аннотация). 500 белгіден аспады.

2-бөлім.

Мақсатты бағдарлар.

1. Күтілетін нәтижелер. Педагогтарда болуы тиіс және оларда дамыған жеке ерекшеліктің, мінез-құлықтың және жұмыс дағдыларының тізбесін көрсетіңіз. 500 белгіден аспайды.

2. Нәтижелілік (тиімділік) мониторингі.

Оқушылардың жұмысын бағалау индикаторлары мен критерилерін, олардың дамуын, тәрбиеленуін, сондай-ақ осы критерилерге сәйкес келетін психологиялық және педагогикалық мониторинг әдістерін сипаттаңыз. Критерилердің кәсіби қызмет мақсаты мен міндетіне келісілуіне назар аударыңыз.

3-бөлім. Таңдалған жанрға сәйкес баяндалған негізгі мазмұн.

Жалпы көлемі – 5 беттен аспайды.